



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қаңтар 2024

2024 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 9,5%-ға дейін баяулады. Бір айдағы баға өсімі 0,8% пайыз болды.

Өндірушілер бағасы өскендіктен, азық-түлік құрылымында бір айда жеміс пен көкөніс, жұмыртқа және сүт өнімдері одан әрі қымбаттады.

Сонымен қатар, қарақұмық жармасы, күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы 2024 жылғы қаңтарда да арзандады. Сондай-ақ, қант өндірушілердің бағасы түсіп, қант бағасы да төмендегені байқалады.

Азық-түліктен басқа тауарлар ішінде киім мен аяқ киім, автокөлік, аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппаратуралар, ақпаратты өңдейтін жабдықтар, жуып-тазалауға арналған құралдардың бағасы өсті. Сонымен қатар, тұрмыстық техниканың бағасы арзандады.

Ақылы қызметтердің ішінде білім беру, амбулаториялық қызметтер, көлік қызметтері бағасының бір айдағы өсімі жеделдеді. Шаштараздар мен жеке қызмет көрсету мекемелерінің қызметі, демалыс, ойын-сауық және мәдени орындар қызметі, киім тазалау және жөндеу бағасының өскенін атап өткен жөн.


Реттелетін коммуналдық қызмет тарифтері одан әрі қымбаттады, бірақ қарқыны баяулады.

Жылдық инфляция он бір ай қатарынан баяулап, 2024 жылғы қаңтарда 9,5% болды. Бір айдағы баға өсімі өткен жылғы желтоқсандағы 0,8% деңгейінде қалды (1-кесте).

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 0,7% болды. Бұл ретте жемістер, сүт өнімдері, ірімшік және жұмыртқа, темекі өнімдері, қатты отын, автокөлік, электр құралдары, амбулаториялық қызмет, көлік қызметі, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағасының өсімі жеделдеп, маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған инфляция 9,2%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда – 8,4%) жеделдегені байқалады.


Сонымен қатар, 66 кіші топтың ішінде 40 тауар мен қызметтің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған бағасының өсімі мақсатты көрсеткіштен және 2017-2021 жылғы қаңтардағы орташа тарихи өсімнен асып түсті (2-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Сонымен қатар, әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның орташа мәні 0,74% а/а (2023 жылғы желтоқсанда – 0,7%) аздап жеделдеді, бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде баға өсімі аздап жеделдегенін көрсетуі мүмкін (3-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 8,2%-ға дейін баяулады (желтоқсанда – 8,5% ж/ж). Нан-тоқаш өнімдері мен жармалар, ет және ет өнімдері, сүт өнімдері, жеміс-көкөніс бағасының жылдық өсімі де баяулады. Осы тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан жиынтық үлесі 5,9 п.т. болды (4-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; Базалық инфляцияның медианасы базалық инфляцияны бағалау әдістерінің әрбір тобында медиананы табу арқылы есептеледі. Қорытынды бағалау сонымен қатар бағалау әдістерінің қарастырылған топтарының медианасы болып табылады, ал максималды және минималды мәндер базалық инфляция мәндерінің диапазоны болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Азық-түлік бағасының айлық өсімі 2023 жылғы қыркүйекте басталған жеделдеуін жалғастырып, 2024 жылғы қаңтарда 1,1% (желтоқсанда – 0,9%) болды.

Жаңа піскен көкөніс өндірушілер бағаны қымбаттатқанына байланысты (0,7% а/а, 1,3% ж/ж) көкөніс бағасының 5,8%-ға (а/а) өсуі биылғы қаңтар айындағы инфляцияның азық-түлік құрылымына едәуір қысым түсірді. Сонымен қатар, 2024 жылғы қаңтарда жеміс пен көкөністерден басқа азық-түлік тауарлары 0,6%-ға қымбаттады. Сондай-ақ, сүт өнімдері бағасы 0,5% (а/а), балық және теңіз өнімдері бағасы 0,9% (а/а) өскені байқалады.

Сонымен қатар, былтырғы қыркүйектен бастап жұмыртқа өндірушілердің бағасы 4,9% а/а (12,3% ж/ж) қымбаттауына байланысты жұмыртқа бағасының айлық өсу қарқыны (2024 жылғы қаңтарда – 5% а/а, 16,9 ж/ж) сақталып отыр. ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің ақпаратына сәйкес, жұмыртқа бағасының өсуі импортталатын премикстердің, ветеринария препараттарының, қаптама материалдарының қымбаттауына байланысты болды².

2024 жылғы қаңтарда кей жарма түрі арзандады, оның ішінде қарақұмықтың біршама қоры жиналғанына, сондай-ақ қарақұмық өндірушілердің бағасы 12,6%-ға арзандағанына байланысты қарақұмық жармасының бағасы 1,4%-ға (23,6% ж/ж) түсті. Күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғандықтан, күнбағыс майының бағасы 1,7%-ға (а/а) арзандады (жыл басынан бері баға 19,8%-ға төмендеді), бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына³ байланысты болып отыр. Қант өндірушілердің бағасы 12,8%-ға (а/а) (21,2% ж/ж) төмендегеніне байланысты қант бағасы 1,4%-ға (а/а) арзандады.

2024 жылғы қаңтарда барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан асып түсті. Бұл ретте дәнді дақылдар мен ет бағасының дифференциалы кеңейгені байқалады. Өсімдік майлары мен қант бағасының дифференциалы ішкі бағаның төмендеуі әсерінен қысқарды. 2024 жылғы қаңтарда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюы теңгедегі сыртқы бағалардың төмендеуіне не баяу өсуіне ықпал еткенін айтып өткен жөн (5-кесте).

2023 жылғы желтоқсанда өскен дәнді дақылдардың әлемдік бағасы оңтүстік жарты шар елдеріндегі жүгері жинау науқанына байланысты биылғы қаңтарда 2,2%-ға (а/а) (18,6%-ға ж/ж) төмендеді. Нарықтағы қызу бәсекелестік жалғасып, ұсыныстың көбеюі жүгері бағасының 5,9%-ға (а/а) төмендеуіне әсер етті (30,4% ж/ж). Күріш өндіруші елдердегі жеткізу қарқынының жоғары болуына және Үндістанның экспорттық шектеулеріне байланысты күріш бағасы 1,2%-ға (а/а) өсті. 2024 жылғы қаңтарда дәнді дақылдардың ішкі және сыртқы бағаларының дифференциалы кеңейгені нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасы өсіп, дәнді дақылдардың әлемдік бағасы төмендегеніне байланысты болды.

Еттің сыртқы және ішкі бағалары арасындағы дифференциалдың алшақтығы одан әрі кеңейді, мұны ет өнімдерінің әлемдік бағасы төмендесе де, ішкі бағасының өсімі сақталғанымен байланыстыруға болады. Азия елдері тарапынан импорттық сұраныс аз, ал ірі өндіруші елдерде құс етінің экспорттық ұсынысы көп болды, осылайша 2024 жылғы қаңтарда еттің әлемдік бағасы 1,4%-ға (а/а) (1,2% ж/ж) төмендеді.

2024 жылғы қаңтарда өсімдік майларының ішкі бағасы төмендеп, әлемдік бағасының шамалы өсуінен дифференциалдың біршама қысқарғаны байқалады (өсім – 0,1% а/а, төмендеу – 12,8% ж/ж). Әлемдік бағаның өсуі өндіруші елдердегі маусымдық


² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/663927?lang=ru>

³ Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

қысқару салдарынан пальма майы бағасының қымбаттауына және Малайзиядағы қолайсыз ауа-райына қатысты алаңдаушылыққа байланысты болды.

Осыған ұқсас жағдай қанттың ішкі және сыртқы бағасының динамикасында да байқалды. Баға дифференциалы 2024 жылғы қаңтарда әлемдік өсім мен қанттың ішкі бағасының төмендеуі нәтижесінде қысқарды. Биылғы қаңтар айында қанттың әлемдік бағасының 0,8%-ға қымбаттауы (15,9% ж/ж) Бразилияда жауын-шашынның аз түсуіне байланысты қант қамысынан аз өнім жиналуы мүмкін деген алаңдаушылыққа байланысты болды.

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы⁴, теңгемен, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері


2024 жылғы қаңтарда **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының жылдық өсімі одан әрі баяулап, 8,6% болды (желтоқсанда – 9,1%). Бұл тауарлар құрылымында жеке пайдаланылатын тауарлар, киім-кешек пен аяқ киім, қатты отын, жанар-жағармай бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады. Бұл ретте биылғы қаңтарда дәрі-дәрмек бағасы жылдық өсу қарқынын әрі қарай жеделдетті (6-кесте).

Өткен жылғы қарашадан бастап азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының айлық өсімі 0,5% деңгейде қалып отыр. 2024 жылғы қаңтарда аудиовизуалды жабдықтар мен камералар, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтар, жуып-тазалауға арналған құралдар. Сонымен қатар, 2023 жылғы желтоқсанда төмендеген автокөлік бағасы қаңтар

⁴ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

айында 1,6%-ға қымбаттағаны байқалады. Сонымен қатар, тұрмыстық техниканың бағасы 2024 жылғы қаңтарда 0,4%-ға арзандады.


6-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі



2024 жылғы қаңтарда **ақылы қызмет** бағасының өсімі өзгерген жоқ, 12,3% ж/ж болды (желтоқсанда – 12,4% ж/ж). Бағаның бір айдағы өсімі 0,7% (желтоқсанда – 0,8%) болды (7-кесте).


Ақылы қызметтер құрылымында білім беру қызметі бағасының бір айдағы өсімі 1%-ға және амбулатория қызметі бағасының бір айдағы өсімі 1,6%-ға жеделдегені байқалады. Теміржол және автокөлікпен тасымалдау қызметінің бағасы өсіп, көлік қызметі 1,8%-ға (а/а) қымбаттады. Шаштараз бен жеке қызмет көрсету мекемелерінің қызметі, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызмет көрсету құны, киім тазалау және жөндеу бағасы тағы да өсті.

7-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі




2024 жылғы қаңтарда реттелетін коммуналдық қызмет тарифі 0,5%-ға өсті, оның ішінде жылу – 1,2%-ға, электр энергиясы 0,7%-ға қымбаттады. Су бұру – 0,3%-ға, суық су 0,1%-ға төмендеді. Ал ыстық су мен газбен жабдықтау құнында өзгеріс жоқ (8, 9-кесте).

8-кесте. ТКҚ тарифтері бағасының маусымдық факторлар ескерілмеген өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

9-кесте. Реттелетін ТКҚ бағасының өсу динамикасы және қызмет түрлерінің үлесі



Өсімдік шаруашылығындағы бағаның түсуі және мал шаруашылығындағы баға өсімінің баяулауы нәтижесінде 2024 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы жылдық мәнде әрі қарай төмендеді.


2024 жылғы қаңтарда өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 2,4%-ға төмендеді (10-кесте).

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



2024 жылғы қаңтарда азық-түлік өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 3,6%-ға төмендеді (2023 жылғы желтоқсанда 2,8% ж/ж төмендеді). Ет, ұн-жарма өнімдері, майлар, консервіленген жеміс пен көкөніс өндірушілердің бағасы төмендегені байқалады. Сүт өнімдері мен нан-тоқаш, макарон өнімдерін өндірушілер бағасының өсуі баяулады. Сонымен қатар, сусын өндірушілердің бағасы өсті.

2024 жылғы қаңтарда азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде автокөлік өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар, жиһаз

өндірушілердің бағасы өсу аймағына өтті, ал жуып-тазалауға арналған құралдар бағасы төмендеуін бәсеңдетті.

2024 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы жылдық мәнде 4,8%-ға арзандады (2023 жылғы желтоқсанда – 4,7%-ға төмендеді) (11-кесте). Өсімдік шаруашылығында жаңа піскен көкөністің, атап айтқанда қызанақ пен пияз бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар, майлы дақылдар мен соя бұршақтарының бағасы арзандағаны байқалады. Дәнді дақылдар арасында жүгері мен қарақұмық бағасы төмендеді. Мал шаруашылығында тірі мал мен шикі сүт бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны, сондай-ақ құс бағасының төмендегені байқалады. Сондай-ақ, жұмыртқа мен табиғи бал өндірушілердің бағасы айтарлықтай өсіп жатыр (12,3% ж/ж және 13,2% ж/ж).